



Несие кешіру-ниеттен

Микроқаржы ұйымдарынан несие алған 28 мың адамның қарызы кешірілетін болды. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі микронесие беру саласындағы заңға өзгерістер енгізбек. Агенттік төрағасының орынбасары Нұрлан Әбдірахмановтың айтуынша, қазір 45 күнге 50 АЕК-ке дейін онлайн микронесие беруге қатысты заң талабын алып тастау талқыланып жатыр.

«Алдағы уақытта микроқаржы ұйымдары жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі 56 пайызбен стандартты микронесие ұсына береді. Сонымен бірге, кепілсіз тұтынушылық несиелер бойынша азаматтардың қарыздарын коллекторларға сатуға заңнамалық тыйым салуды енгізу пысықталып жатыр. 2022 жылдың соңына дейін микроқаржы ұйымдары 432 мың қарыз алушының 33,1 млрд теңге сома көлеміндегі проблемалық берешегін қайта құры-

ты да анықталатынын айта кетейік. Сондай-ақ микроқаржы ұйымдары біржақты тәртіппен қарыз алушының қарызын ішінара немесе толықтай кешіру туралы шешім қабылдай алады.

Проблемалық берешек толық немесе ішінара кешірілген жағдайда провизия жүргізіліп, соның есебінен қарызды жабудан пайда болған шығын жабылады. Қайта құрылымдауды жүргізу туралы ақпарат қарыз алушының несие тарихында көрініп тұратын болады.

«28 мың қарыз алушының 600 млн теңгесі толықтай, 107 қарыз алушының 800 млн теңгесі ішінара кешірілетіні жайлы ақпарат шықты. Аталған бастама МҚҰ-лардағы проблемалық берешек деңгейін төмендету аясында жүзеге асырылмақ. Онлайн несие беру және жалақыға дейін займ беру қарқыны өте жоғары. Займды 5 минут ішінде беретін ұсыныстар кез



лымдауды жоспарлап отыр. Соның ішінде 107 мың қарыз алушының 0,8 млрд теңгесі ішінара кешірілсе, 28 мың қарыз алушының 0,6 млрд теңгесі толықтай кешірілмек», деді Н.Әбдірахманов.

Осы күнге дейін микроқаржы ұйымдары берген кепілсіз тұтынушылық несие көлемі – 416 млрд теңге. Қарыз алушылар саны 1,3 млн адамнан асқан. Биыл қаңтар-тамыз айлары аралығында төленбегеніне 90 күннен асып кеткен кепілсіз тұтынушылық несие 18,8 пайызға, 71,3 млрд теңгеге өсіпті. Ел бойынша 434,2 мың адам микронесие есін төлей алмай жүр. Ал көлемі 50 АЕК-ке дейінгі онлайн микронесие қайтара алмай жүрген қарыз алушы саны 15,8 пайызға, 380 мың адамға өскен.

Қазіргі уақытта проблемалық берешекті қайта құрылымдау тәртібі заңмен бекітілген. Қарыз алушы өтініш берген соң оның қарыздық жүктемесін төмендету мәселесі қаралады. Бұл ретте микроқаржы ұйымының қайта құрылымдау шарты қарыз алушының қаржылық жағдайына (табыс деңгейі, әлеуметтік мәртебесі) байланыс-

келген жерден ұшырасады. Бұл қарыз алатын адам санын көбейтеді. Қазір агенттік 45 күнге дейін берілетін 50 АЕК немесе 153 150 теңгеге дейінгі микрозаймдарға тыйым салуды қарастырып жатыр. Қазір банк көп адамға кредит бермейді. Өйткені олар банктердің скорингінен өте алмайды. Олар үшін тығырықтан шығар жол – МҚҰ-дан қарыз рәсімдеу. Бірақ МҚҰ-лардың пайыздық ставкасы, берешектің өсу көлемінен хабарлары аз. Несие қызметін реттеуді жетілдіру оң ықпал ете алады. Бірақ ол саяси құралға айналмауы керек», дейді телеграмдағы RiskTakersKZ каналы.

Микроқаржы нарығы тұрақты өсімге ие. 243 микроқаржы ұйымының жиынтық қарыз портфелі 2022 жылдың екінші тоқсанының соңында 838,3 млрд теңгеге жеткен. 2021 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 58 пайызға өсім бар. Ал соңғы бес жылда микронесие көлемі 6,4 есе артқан.

«Егемен Қазақстан» газетінен.



Президент «Жаңа адамдар» қозғалысының белсенділерімен кездесті

Мемлекет басшысы «Жаңа адамдар» жастар қозғалысын құру туралы бастаманы құптап, белсенді жас қазақстандықтарға әрдайым қолдау көрсететінін айтты, деп хабарлайды Egeмен.kz Ақорданың баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекетті түбегейлі жаңғырту жұмыстары жүргізіліп, Әділетті Қазақстанды құру жөніндегі реформалар жүзеге асырылып жатқанын айтты.

«Қазақстан азаматтарының, әсіресе жастардың еңбекқорлық қағидатын ұстануы маңызды. Сырттан көмек күтудің қажеті жоқ. Қазір заман басқа, яғни маңызды шешімдердің уақыты, серпіліс жасайтын сәт. Жастар болмаса, мұнымен кім айналысады? Қазір Илон Масктың тәжірибесі мен өмірлік ұстанымын үлгі ету үрдіске айналды. Иә, ол отбасымен бірге шалғай провинциядан Америка Құрама Штаттарына келді. Өзінің креативтілігінің, бағылдығының, өзіне тән ерекшелігінің арқасында «Илон Маск феноменін» қалыптастыра алды. Мұндай мысалдар өте көп. Жақында Мен Нью-Йоркте Американың жоғары оқу орындарын бітіріп, америкалық компанияларға жұмысқа орналасқан жастарымызбен кездестім. Мен оларға: «Біз сіздерді Қазақстан азаматтары деп білеміз. Сіздер – қазақсыз-

дар. Нью-Йорк немесе Еуропа елдері болсын, әлемнің дамушы елдері болсын, қай жерде жұмыс істесеңіз де, қазақ болып қаласыздар» деп айттым, – деді Мемлекет басшысы.

Президент жастар өкілдерін толерантты, дамыған қоғамды бірге құруға шақырды. Мемлекет басшысының пікірінше, жастар өзін-өзі ұдайы жетілдіріп, жан-жақты дамытып, тіл үйренуі қажет.

Мемлекет басшысы жауапкершілік мәселесін де қозғады. Президенттің айтуынша, тек жауапкершілігі бар азаматтар ғана өзінің мемлекеті үшін міндеттеме ала алады.

– Абай кезінде «толық адам» деген терең ұғымды енгізді. Абай заманынан оза туды. Ол «толық адам» туралы білім, түсінік, қоғамның қажеттілігі тұрғысынан айтты. Қазір ағылшынша айтылып жүрген «a person of integrity», яғни барлық қарым-қабілеті мен білімі тоғысқан адам дегеніміз осы. Сондықтан біз бәріміз «толық адам», жауапты азамат болуға тырысуымыз керек. Шын мәнінде, біз қоғамымызда тәртіп пен заң үстемдігі культін орнатуға ұмтылуымыз керек. Менің міндетім – еліміздің заңдары әділ болғанын, адамдардың ол заңдарға сенуін қамтамасыз ету. Осы заң аясында қоғамымызда тәртіп болуын талап етеміз, – деп мәлімдеді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, жастар еліміздің қоғамдық өміріне белсенді

түрде араласып, өз ұстанымына берік болып, түрлі идеялар ұсынып, оларды іске асыруға атсалысқаны жөн.

– Белсенді азаматтық әрекет арқылы сіздер, біріншіден, мемлекетке пайда әкелесіздер, екіншіден, өздеріңізді таныта аласыздар. Қалай болғанда да, біз мамандар іріктелетін, сәйкесінше уақыт өте келе мемлекетті басқару жауапкершілігін арқалай алатын өте қабілетті адамдар шығатын ашық қоғамға қарай қадам басып келеміз. Сіздердің араларыңызда келешекте депутат немесе министр болатын, тіпті мемлекетіміздің президенті болатын азаматтар отыр деп ойлаймын, – деді Мемлекет басшысы.

Президент сөз соңында «Жаңа адамдар» жастар ұйымына табыс тіледі.

– Біздің көрнекті ақынымыз Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» деген сөзі бар. Шын мәнінде, мен де жастарға сенемін. Баршаңызды қолдаймын. Расында, біздің елімізге сіздер сияқты белсенді, білімді, көзі ашық, көкірегі ояу жастар керек. Еліміздің болашағы жастардың қолында, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар шарада қозғалыс жетекшілері мен белсенділері Әсел Бәденова, Елдана Кәденова, Ризабек Рашид, Күннұр Болатбек және Дильназ Қапезова сөз сөйледі.

«Егемен Қазақстан» газетінен.

«ЗАҢ КЕРУЕНІ» АКЦИЯСЫ ӨТТІ

Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының бас-тамасымен Республика көлемінде өтіп жатқан «Заң керуені» акциясы Созақ аудан-

құқық қорғау және мемлекеттік органдардың басшылары мен жауапты мамандары және аудан тұрғындары қатысты.



нында жалғасын тапты.

Акцияның мақсаты жергілікті жерде халыққа жедел құқықтық көмек көрсету, құқықтық мәдениет деңгейін арттыру, заңдарды түсіндіру, заңды құқықтарын іске асыруға мүмкіндігі жоқ әлеуметтік топтарды анықтау, прокуратураның құқық қорғау рөлін іске асыру, елдегі қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті нығайту үшін азаматтық қоғам мен құқық қорғау органдарының күш-жігерін біріктіру.

Жиынды аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлы ашып, ұйымдастырылған кездесудің маңыздылығын атап өтті.

Аталған шарада аудан прокуроры Ержан Қожабеков, Түркістан облысы полиция департаменті жергілікті полиция қызметі бастығы, полиция полковнигі Асылхан Төреханов, криминогендік жағдай бойынша аудандық полиция бөлімі бастығының тергеу ісі жөніндегі орынбасары Ербол Оралбаев баян-



Шараға аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, Түркістан облысы прокурорының бірінші орынбасары Данияр Сыздықов, Түркістан облысы полиция департаменті жергілікті полиция қызметі бастығы, полиция полковнигі Асылхан Төреханов, аудан прокуроры Ержан Қожабеков және аудандағы барлық

дама жасап, атқарылған жұмыстарға тоқталып өтті.

Кездесуден соң Түркістан облысы прокурорының бірінші орынбасары Данияр Сыздықов тұрғындарды жеке мәселелерімен қабылдап, қойылған сұрақтар мен өтініштерге жауап берді.

«Созақ үні»-ақпарат.

«КАТКО»-ға-25 жыл

«Катко» БК» ЖШС-нің «Шаңырақ» вахталық лагерінде кәсіпорынның құрылғанына 25 жыл толуына орай мерекелік жиын өтті.

Мерекелік шараға аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, бірқатар ауыл, кент округ әкімдері мен бөлім басшылары, БАҚ өкілдері, кәсіпорын басшыларымен қызметкерлері қатысты.

Жиында аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, «КАТКО» БК ЖШС бас директоры Николая Бастьен, «Орано Майнинг» президенті Николая Мас, «Қазатомнеркәсіп» ҰАК» АҚ құқықтық сүйемелдеу және тәуекелдер жөніндегі басқа-



Қазақ-француз бірлескен кәсіпорнының іргелі жолы



рушы директоры Қазбек Шаймердинов, «Орано Майнинг» коммуникация, жауапкершілік және өзара әрекеттесу бойынша вице-президенті Жиль Рекоше «Катко» қазақ-француз бірлескен кәсіпорынның құрылғанына 25 жыл толу мерекесімен құттықтап, кәсіпорынның ширек ғасырда атқарған жұмыстарымен бөлісті.

Аудан басшысы Мұхит Тұрысбеков аталған кәсіпорын басшыларына аудан әкімдігінің құттықтау хатын табыс етіп, қазақ халқының ұлттық салт-дәстүріне сай шапан жауып, ыстық ықыласын білдірді.

«Катко» қазақ-француз бірлескен кәсіпорны Созақ ауданының территориясындағы, яғни құмды алқапқа табан тіреп Мойынқұм және Төртқұдық кен орындарын игеру мақсатында 2006 жылы өндірістерін іске қосып, өз жұмысын бастаған болатын. Осы жылдар аралығында мемлекет ұстанған саясатын жүзеге асырып, еліміздің экономикалық даму көрсеткіштеріне үлес қосып, халықтың әл-ауқатының көтерілуіне үлкен еңбек сіңірді. Уран өндіруде көшбасшы кәсіпорын, Созақ ауданындағы ірі әлеуметтік жобаларға демеушілік көр-

сетті. Аймақтың дамуы үшін қомақты қаржы бөліп, тұрмысы төмен отбасыларды тұрақты түрде қолдап келеді. Тіпті мүгедектігі бар азаматтар мен ардагерлерді де назардан тыс қалдырмай, аудан орталығынан ашылған «Белсенді ұзақ өмір және Тең қоғам» әлеуметтік қызмет көрсету орталығының ашылуына демеушілік танытты. Сонымен қатар, компания ішінде және жергілікті ауылдар да спорты дамытуға белсенді ат салысады. Ауданымызда балаларға арналған ойын алаңы мен спорт алаңдарының құрылысын қаржыландыруда. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлкен үлес қосып, компания жыл сайын ауданда 30-ға жуық қысқа және ұзақ мерзімді жобаларға көмек қолын созуда. Ауданның қоғамдық өміріне белсене араласып, мәдени көпшілік шараларды ұйымдастырып, жергілікті тұрғындардың өміріне жауапкершілікпен қарайды. Қазіргі таңда аудан халқы «Катко» кәсіпорнын әлеуметтің алдындағы жауапкершілікті адал атқарып келе жатқан компания ретінде таниды. Осындай өрелі өндіріс ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық даму жағдайын жеделдетіп,

тұрғындардың тұрмыстық тіршілігін түзей түсетіні сөзсіз. Осынау мерекеде, Созақ ауданы халқына көрсетіп жатқан қолдауларыңыз үшін үлкен алғысымды білдіре отырып, кәсіпорын басшылығы мен барша ұжымына зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыларыңызға бақыт-береке, еңбектеріңізге сәттілік тілеймін, деді аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы.

Аталған шарада қонақтарға 25-жыл табысты бастамаларға, қиын сынақтарға, жеңістер мен жетістіктерге толы тұтас тарихты баяндайтын бейнероликті ұсынып, Жамбыл облыстық филармониясының «Аққербез» би ансамблі мен қазақ ән өнерін ұлттық нақышта орындап жүрген Айгүл Есекеева өз өнерлерін паш етті.

Жиын соңында аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы кәсіпорынды аралап, осындай алпауыт өндірістік орнының жұмысшыларына жасалған жағдайын бақылау мақсатында кинотеатр, кітапхана, арнайы музыкалық аспаптар қойылған бөлме, спорт алаңшасы сынды сергіту орталықтарын аралап, танысты.

Нұржамал МАЙУСОВА.

2023 жылдың I жарты
жылдығына баспасөзге жазылу
жүріп жатыр

«Ернұр-пресс» арқылы:

Жазылымшылар -(индекс 64450) - 2400 теңге

«Қазпошта» арқылы:

Жеке жазылушылар (индекс 64450)-2371 теңге 20

тиын

Мекемелер үшін (индекс 19450) -3571

теңге 20 тиын

«Созақ үні» газеті редакциясы

арқылы

Жеке жазылушылар үшін -

2250 теңге

Созақ ауданы тұрғындарының назарына!

2022 жылғы 20 қарашада өтетін Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауында дауыс беруге арналған өзінің сайлау учаскесі туралы қажетті ақпарат алу үшін Telegram мессенджерінде арнайы бот іске қосылды

(https://t.me/tur_saylaw_bot) және Түркістан облысы әкімдігінің ресми сайтында жарияланды (<https://tur.saylaw.kz>).

Осы құралдардың көмегімен Сіз 2022 жылғы 20 қарашада өтетін Қазақстан Республикасы Президентінің сайлау күні дауыс бере алатын сайлау учаскесі туралы толық ақпарат (нөмірі, мекен жайы, байланыстары) ала аласыз.

Қосымша сұрақтар болған жағдайда 109 Call-орталығына хабарласуға болады. 109 Call-орталығы 24/7 режимінде жұмыс істейді.

Өнерлі де өнерпаз ұстаздар мен оқушылар

Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің Т.Әлімқұлов атындағы №14 мектеп интернат-лицейінде “Өнерлінің қолы алтын, өлеңшінің сөзі алтын” тақырыбындағы апталықтың қорытындысы болып өтті. Үйірме жетекшісі Қалыұлы Жәнібектің ұйымдастыруымен «Бала даусы-2022» ән байқауы болып өтті.

Жүлделі орынға ие болған оқушылар 4 г сынып оқушысы Әбдібек Нұрмахан-І орын, 4 а сынып оқушысы

«Біздің ұжым өнерлі» тақырыбында тілші әдісімен сұрақ-жауап ұйымдастырды. «Өнерлі өлмес, үміт сөнбес» тақырыбында Әлібек Арман 8-9 сынып арасында шеберлік сағат өткізді Көркем еңбек сабағында жобалау әдісін, музыка сабағында заманауи технологияларды пайдалану жолдары тақырыбында семинар сабақтар өткізілді. Тәжібаева Әселдің ұйымдастыруымен «Екі жұлдыз» атты ұстаз бен шәкірт өнер байқауы ұйымдасты-



Мелдебек Қарақат-ІІ орын, 4 в-сынып оқушысы Баймаханова Жансезім ІІ орын, 3 а сынып оқушысы Мансұр Амила-ІІІ орын, Шахан Муниса Тойшан Інжу, Жарылқасын Шұғыла сияқты өнерпаз оқушылар түрлі номинацияларды иеленді.

Сондай-ақ Қазақстан педагогикалық академиясының республика көлемінде ұйымдастырған “Білім берудің жаңашылдығы. Қмж жоспарлауда дұрыс мақсат қою, тапсырмаларды әзірлеу” тақырыбындағы курсқа Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің Т.Әлімқұлов атындағы №14 мектеп интернат – лицейінің бастауыш сыныптың мұғалімдері: Кудасова Маржан, Тұрсынова Нұрилла, Жайықбаева Гүлзат қатысып, арнайы сертификатпен, грамотамен, алғыс хатпен, “Шығармашыл ұстаз” төсбелгісімен марапатталды. Тағы бір жаңалық “Балалар жылы” аясында “Оқуға құштар ұлт” жобасын жандандыру мақсатында ұйымдастырылған “Каникулда кітап оқимыз” атты марафонына Т.Әлімқұлов атындағы 14 мектеп интернат-лицейінің оқырмандары І - ІІ кезеңдеріне қатысып жүлделі орындарға ие болды. Ұлы Абайдың “Танымың бар тамашасы” кітапта, оған қол жеткізу үшін кітап оқудан жалықпа”, “Артық ғылым кітапта, Ерінбей оқып көруге” деген мағыналы сөздерінен кітап оқудың көз - келген тұлғаны дамытудың қайнар көзі екенін түсінесің. Сондықтан да жақсы кітаппен әрдайым дос бол, кітаптың сырын ұқ, білімнің биік шыңына шық демекпін. Мектепте “Өнерлінің қолы алтын, өлеңшінің сөзі алтын” тақырыбында көркем еңбек музыка пән әдіс бірлестігінің апталығы өтті. Апталық ашылуында бірлестік мүшелері «Күзгі жиын» көрмесін ұйымдастырды. Сонымен қатар,

рылды. Ол сайыста Оразбеков Орынбек пен шәкірті Қасым Балнұр 1 орынға, Қожабекова Мерекә мен шәкірті Марат Меруерт 2 орынға, Әбдібек Сүйіркен шәкірті Мейірхан Жансая 2 орын, Айдархани Ақбота мен шәкірті Алтынбек Гүлден 3 орынға, Ділдабекова Жансая мен шәкірті Әбілпаттан Бексұлтан 3 орын, Құрманғазы Махаббат пен Керімбай Аруна 3 орын, Оразбекова Мадина мен Тойшан Аруназ, Момаханова Рабиға мен Тұрманбай Іңкәр алғыс хаттармен марапатталды. Үйірме жетекшісі Қошқарова Назинарың ұйымдастыруымен сәнді фелле қолдан жасалған киімдер көрмесі өтіп, онда Қасым Інжу- 1 орын, Алтынбек Көркем 2 орын иеленді. Үйірме жетекшісі Жолтай Лаураның ұйымдастыруымен Сиқырлы саусақтар топтық сайыс дәнді дақылдармен жапырақтармен пинно-гербарий жасау сайысы, Айдарбекова Майраның ұйымдастыруымен Алтын күз сурет байқауы, Бала даусы байқауы Қалыұлы Жәнібек ағайдың ұйымдастыруымен Бала дауысы байқауы өтіп, талантты оқушылар тиісінше орындар иеленді.

* * *

Т. Әлімқұлов атындағы №14 мектеп интернат-лицейінде “Үйлесімді отбасы-бақытты балалық шақ” тақырыбында онкүндік іс-шара аясында өткізілген 5-11 сыныптар арасында «Жүректен жүрекке» тақырыбы әссе байқауына үздік деп танылған 20 оқушы қатыстырылды. Аталған байқауға оқушыларымыз белсенді қатысып, өз ойларын нақты жазды.

**Әсел ТӘЖІБАЕВА,
Т.Әлімқұлов атындағы
№14 мектеп интернат-лицейінің мұғалімі.**

Жуырда, ұзақ жылдар бойы аудандық СЭҚБ- да жұмыс жасап келе жатқан, бүгінде зейнет жасына таяған Аққұлиев Қайрат есімді ағамыз редакциямызға хабарласқан еді. Сөйтсек, біздерге бұйымтайы бар екен. Тыңдап көрсек, таяуда ғана біраздан бері көру қабілеті төмендеп, облыстық аурухананың «Офтальмология» бөліміне барып қаралған көрінеді. Дәрігерлер Қайрекеңнің көз ауруына тек ота жасап қана көмек бере алатындарын айтады. Сонымен, көзінің көру қабілетін жақсартудың басқа жолы болмаған соң, ота жасауға келісін береді. Не ке-



Созақта туып, қалың Қазақ қоғамына қызмет етуде

рек, мұндай отаның күнде бірнешеуін жасап, әбден кәсіби болып алған микрохирургтар әп-сәтте-ақ Қайрат ағамыздың бірінен соң біріне екі көзіне бірдей отаны жасап та тастайды. Кәнігі, кәсіби мамандар жасаған ота сәтті шығып, Қайрекең бірер-күнде-ақ отаның шарапатын көріп, көру қабілеті ретке келеді. Алғаш келгенде бойын қорқыныш билеген сәттер бүгінде ұмыт болған. Сол баяғы қазақы әдетіне басып жерлесіміз ота жайлы, жасаған дәрігерлер жайлы сұрастырып жүріп, мынадай мәліметке қанығады. Сондағы көз жеткізгені әлгі ота жасаушы микрохирург дәрігер өзіміздің Теріскейдің (Созақ ауылының) тумасы боп шығады ғой. Содан арнайы барып танысып, алғысын, ризашылығын білдіреді ғой жаңағы жерде. Өзі жалпы, Қайрекең өмірде қагілез, қоғамда белсенді азамат болғандықтан: «Қой, менің өзіме ота жасаған азаматтың жерлесім екенін біле тұра үндемей кеткенім дұрыс болмас. Оның үстіне, барша Теріскей жұрты мұнда, яғни, Шымқаладағы орталық ауруханалардың бірінде Созақтың тумасы қызмет ететінін біліп жүрсін. Бәлкім, маған ұқсап көз ауруымен түсіп қалған жерлестерімізге бұл азаматтың алдағы уақытта да көмегі тиіп қалар. Көмегі тиіп қалар дегеннен шығып отыр. Айтқандай, біздің «Созақ үні» газетінің редакторы Сәрсенбек Теңізбаевтың да қайсыбір жылдары көздеріне ота жасатқаны бар, осы Шымқаладағы жұрт «Роца» дағы больница атап кеткен мед орталықтың қызметін алғаны бар екен. Мұны да Аққұлиев мырза дәрігермен сұхбаттасып отырып естиді. Ендігі жерде сол, Созақтан келген жерлестеріне отасын сәтті жасап, ерекше пейілмен ем-домын жасап жүрген жерлесіміздің ерен еңбегінің аудандық газетте насихатталғанын қалайтынын және барша Теріскейліктердің куә болуымен осы бір атпал азаматқа алғысын жеткізуді жөн көретінін бүкпесіз жеткізді. Біз де ауданымыздың айнасы болған «Созақ үні» газетінің бір санында Созақтың тағы бір оғланы жайлы жазуды жөн көрдік! Осы ретте, Қайрекеңнен кейіпкеріміз жайлы сұрап-білгенім мынау болды:

Сонымен, манадан бері сөз етіп, аты-жөнін, өмірдерегі мен еңбек жолы жайлы айтуды кері шегеріп отырған кейіпкеріміздің толық аты-жөні Мейрамов Фазиз Серікбайұлы. Фазиз Серікбайұлы жоғарыда айттып өткенімдей 1977 жылы маусым айының 1 де Созақ ауылында дүниеге келіпті. Әкесі Мейрамов Серікбай Уәлиұлы мен анасы Серізбаева Зейнегүл қамбарқызы ұзақ жылдар бойына Созақ селосындағы Ленин атындағы №2 - ші орта мектепте бірі неміс тілінің, екіншісі де математика пәнінің мұғалімі боп жұмыс жасаған. Отбасында кейіпкерімізден бөлек, ағасы мен інісі және 2 қарындасы бар. Фазиз жерлесіміз 1994 жылы ата-анасы қызмет қылған Ленин атындағы орта мектепте 11 жылдық білімді алып, үздік бітіріп шыққан екен. Мұнан әрі, Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Медицина Академиясының Емдеу ісі факультетіне 1997 жылы түсіп, 2004 жылы хирургия мамандығы бойынша интернатурасын тәмамдап, диплом алады.

Алғаш еңбек жолын 2004 жылы Шымкент қалалық Жедел жәрдем ауруханасында дәрігер-хирург болып бастайды. Ал, 2007 жылы Алматы қаласындағы Алматы мемлекеттік дәрігерлер білімін жетілдіру институтында Офтальмология мамандығы бойынша қайта даярлаудан өткен. Ал енді, 2016 жылы Ресей мемлекетінің УФА қаласындағы Башкир Мемлекеттік Медицина Университетінде Офтальмология кафедрасында катарактаның ультрандыбысы хирургиясы бойынша білімін жетілдіреді. Сол, 2007 жылдан бері Облыстық Офтальмология Ауруханасында дәрігер-офтальмохирург болып қызмет атқарады. Отбасында келіншегі Атабаева Шакізат Байжанқызы Шымкент қаласындағы №87 мектепте информатика пәнінің мұғалімі болып жұмыс істейді. Үлкен ұлы Мейрам Нұрғали Фазизұлы (2004 жылғы) Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Медицина Академиясының І курс студенті. Қыздары: Нұрсезім (2006 жылғы) мен Айжан (2008 жылғы) және кіші ұлы Алихан (2012 жылғы) дар мектепте оқиды. Ал енді, кейіпкеріміз қызмет істейтін ұжымы Облыстық Офтальмология Ауруханасында 4 бө-

лімше бар. І МХБ- жедел бөлімше; ІІ МХБ- жоспарлы, ақылы және күндізгі бөлімдерден тұрады; Осы ІІ-микрохирургия бөлімінде кейіпкерімізден бөлек 3 дәрігер жұмыс жасайды екен. Бұл бөлімшеде Шымкент қаласы мен Түркістан облысының тұрғындарына қызмет көрседі. Яғни, көз ауруларына хирургиялық емдеу бойынша жоспарлы түскен Аққұлиев Қайрекең секілді науқастарға ота жасайды. Сондай-ақ, ІІ МХБ-де емделетін негізгі аурулар түріне: катаракта, глаукома птергиум жатады екен. Ә, айтқандай! Фазиз жерлесіміз негізінен бұл салаға әкесінің жолын қуып түскен көрінеді. Олай дейтінім, әкесі Мейрамов Серікбай Уәлиұлы 1948 жылы 8 сыныптық алып шыққан соң, қазіргі Төлеби ауданының орталығы Ленгер қаласындағы медициналық училищеге оқуға түсіп, бітіріп шығады. Содан Шолаққорған ауылындағы аудандық ауруханада әскер қатарына шақырылғанша жедел жәрдемде жұмыс жасаған екен. Кейін, әскерден келген соң Алматы қаласындағы шет тілдері институтына оқуға түсіп, тәмамдап шыққан соң туған ауылы Созақта жоғарыда айтқанымдай неміс тілінің мұғалімі боп ұзақ жылдар бойы қызмет істеп, кезекті зейнет демалысына шыққан. Кейіпкеріміздің айтуынша, әкесі Серікбай қария отбасында үнемі сол жедел жәрдем қызметінде жұмыс істеп жүрген кездерін әңгіме ететін. Нәтижеде ұлы Фазиз жолын қуып дәрігер атанады. Қазіргі таңда Облыстық Аурухананың білімді де білікті әрі кәсіби дәрігерлерінің бірі. Күні бүгінге дейін елі үшін еткен еңбектері еленіп, бірнеше медальдар мен алғыс хаттардың иегері атанған. Демек, жерлесіміз Мейрамов Фазиз Серікбайұлымен отбасы, ұжымы және жерлестері біздер қалай мақтансақ та жарасады. Ендеше сол, Созақта туып, қалың Қазақ қоғамына қызметін тигізіп жүрген жерлесіміз Фазиз Серікбайұлына Аққұлиев Қайрат ағамызды, редакция ұжымы мен оқырмандарымыздың атынан алғыс айтамыз! Жаратқан жерлесіміздің кәсібі мен нәсібіне береке берсін дейміз!

Данияр БЕК.



модераторлары ретінде аудан әкімінің орынбасары Қалдыбек Ораз, аудандық полиция бөлімі бастығының орынбасары Қалижан Мүсәлімов, аудан прокуратурасының прокуроры Бексұлтан Бейсенбай, аудандық адами әлеуметті дамыту бөлімі бастығының орынбасары Әбдиев Мамыр қатысты. Жиынды аудан әкімінің орынбасары Оразов Қалдыбек жүргізіп отырды.

Жиының күн тәртібінде Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды мен облыс әкімінің орынбасары, Сәкен Қалқамановтың тапсырмасына сәйкес мектеп оқушылары арасында болатын түрлі келеңсіздіктердің алдын алу, ерте жүктілік, өзіне өзі қол салу, оқушылар арасындағы әлімжеттілік сияқты өзекті мәселелер қаралды. Мұның бәрі тәрбие көзінің бітелуінен туындай-

ӘДЕПТІ ӨСКЕН БОЗБАЛА

Бала тәрбиесі қай уақыт шеңберінде болмасын оттан түспейтін өзекті мәселе. Бұл ауқымды міндеттің құлағын ата-ана, мектеп, тіпті ауыл жұртшылығы болып ұстауға міндетті. Аудандық білім бөлімі жанындағы атаналар комитетінің төрағасы болып келе жатқаным 1999 жылдан бері 23 жылға жуықтапты. Алдында бір-екі жыл аудан орталығындағы Ыбырай Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебінде кластың ата-аналар комитеті, одан мектеп, кейін осы қоғамдық міндетті қоғам болып жүктөді. Жақсылы-жаманды ширек ғасырға жуық қоғамға қызмет етіппін. Осы жылдар ішінде ойға түйгенім ең бірінші кезекте ата-аналардың өзіне өз жауапкершілігін сезіндіру керек. Баласының сабағын, тәртібін, айналамен байланысын қадағалайтын, қызығушылығын бағамдайтын, бала алдындағы жауаптылығы болмаған ата-ананың баласынан не үміт күтесің?! Таңертең ерте тұрып, баласына өз қолымен бір-екі кесе шайын құйып беріп тамағын ысытып, ішкізіп-жегізіп, киіндіріп, үсті басын жөндеп «Ал балам күнің сәтті өтсін! Бес деген баға алып келуіңе тілектеспін!» деп сабаққа шығарып салмаған ата-ана қандай ата-ана болмақ?

Мекемелерде, бөлімдерде басшылық қызмет атқаратын ер азаматтардың мектепке барып, ұлы мен қызының сабағына қатысып, балалары туралы деректермен танысып, қал-жайын білгенін көрген емеспін. Олар үшін жұмыс, қызмет, есіріп отырған ұл-қыздарынан маңызды болса керек. Тіпті, мектепке баруды намыс санап, ар көретіні де бар. Мектеп білім ордасы ғана емес, ол тәрбие бесігі. Тәрбие бесігіндегі ұстаздардың киім киюінің өзі мәдениет, әдеп, өнеге саналады. Мектепке қалай болса солай келе салуға болмайды. Біз мектепте оқып жүргенде «Мектеп ережесі» деген болатын. Мектеп табалдырығы «Оң қол ержесі», «Киім кию», «Сәлемдесу», «Клас ережесі», «Тазалық» сияқты ауқымды ішкі ережелермен танысудан басталатын.

Мектеп қабырғасында жүргенде мектепке келіп-кетіп жүрген бір милиция қызметкерін көрген емеспіз. Мектеп басшылығы, ата-ана, ұстаздар болсын мектепке форма киген милиция қызметкерлерін жақындатпайтын. Барлық мәселе ата-ана, мектеп ұстаздарымен, мектеп басшылығымен бірлесе шешілетін. Полиция формасындағы құқық қорғау қызметкерлерінің мектепте жиі болуы оқушы психологиясына әсер етіп, түрлі ерегістік, қарсылық, өш алу, қасақана бұзықтық істеу

арқылы кластас достарының алдында өзін көрсету «мықтылығын» дәлелдеуіне алып барады.

Орынды, орынсыз балаға сенімсіздік таныту, ұрсу, жеку жақсылыққа апармайды. Менің өмірлік тәжірибеден көргенімді айтып берейін. Әкем Жеңіс Қарғабаев мектеп мұғалімі бола жүріп, бір класқа жетекшілік етеді. Сонда бір әйел мұғалім өзінің сабағына шақырғанды. Барса тақтаға бір ер бала оқушыны шығарып қойып ұрсып жатыр екен. Оқушы бала «енді қайталамаймын. Енді жазбаймын!» деп шырылдап тұр екен. Анығын байқаса өзі жетекшілік ететін бір оқушысы класта өзінің ұнататын жүрген қызына хат жазған екен. Соны ұстазы біліп қойыпты. Бұл жерде қандай жаманшылық бар? Жақсы көру, ұнату, махаббат деген адами сезімге не нәрсе қарсы тұрады? Жақсы көру достыққа бастар

Сахиұлымен ақылдасып 2 айлық қол өнері байқауын жариялады. Сонда әлгі өнерпаз, «қару жасайтын» оқушы ойдан жапырақ жинағыш, жұмыртқадан музыкалық үрмелі аспап, дәретхана қағазын қоятын құрылғы ойлап тауып бірінші орын иеленді. Көріңіз бе баланы қалай тәрбиелесең солай өседі. Кәдуілгі көк шыбық секілді, дер кезінде иіп түзете білуіміз керек.

Қайсыбір жылдары аудандық ата-аналар комитеті болып «Гибрат» атты әдістемелік шағын кітапша шығардық. Бұл облыста, республикада болмаған тың бастама болатын. Облыс әкімі Асқар Мырзахметовке бір данасын, облыстық ата-аналар комитетінің төрағасы Әнуар Бейнеге бір данасын тарту еттік. Кейін көршілес аудандар мен облыстардан Жамбыл, Қызылорда, Алматы облыстарынан азаматтар

тын мәселелер.

Білім саласындағы жүйелі түрде жүргізіліп жатқан жұмыстарға қарамастан, кәметке толмағандар арасында құқық бұзушылықты болдырмау, зорлық-зомбылықтың, ерте жүктіліктің, өз өзіне қол жұмсау жағдайларының алдын алу өзекті мәселе болып қала бермек.

Бүгінгі күн тәртібіндегі басты сұрақ кәметке толмаған жасөспірімдердің жарқын болашағын қалыптастыру, оларды суицидтік және тұрмыстық зорлық-зомбылық оқиғаларынан оқшаулау, сонымен қатар құқық бұзушылықты мейлінше төмендету болып табылады. Бұл бағытта біздің басты назарға алатынымыз «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Қазақстан республикасының 2010 жылғы 29 сәуірдегі №271-IV Заңы. Заңның 11 бабында Білім беру саласындағы уәкілетті орган білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне құқықтық тәрбие беру мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды.

Білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерінде заңға мойынсынушылық мінез-құлықты қалыптастыруға бағытталған бағдарламалар мен әдістемелерді әзірлейді және оларды білім беру ұйымдарының жұмыс практикасына енгізеді.

Өзге де мемлекеттік органдармен бірлесіп білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілері арасында құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі іс-шараларды өткізеді деп көрсетілген.

Осы құқық бұзушылық профилактикасының субъектілері баптарын негізге ала отырып құқықбұзушылықтың алдын алу мектептердің басты міндеті. Қоғамның әрбір азаматының мемлекеттік заңдарды аса жауапкершілікпен орындап отыруы міндетті. Әсіресе, оның елімізде жүріп жатқан жариялылық, құқықтық және зайырлы қоғам орнату процесімен байланысының маңызы ерекше. Ол үшін адамзаттың сан ғасыр уақыттар бойы жасап шығарған жалпы адамзаттық негіздегі моральдық нормаларын қоғамның әрбір өскелең жастарының сана-сезімі мен күнделікті мінез-құлықтарына қалыптастыруда қолдану қажет. Бұл талапты іс жүзіне асыру, әсіресе елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын дамыту кезеңінде, ең бірінші кезекте құқықтық сананы тәрбиелеу міндетті іс. Балалардың мінез-құқының нормадан, шамадан тыс ауытқуына түрлі жағдайлар себеп болады.



ұлы жол! Оқушы бала екінші рет қайталамайтын болып уәде беріп, кластан шыға жөнеледі. Сол оқушы бала кейін үйленбей, отбасын құрмай өмірден бойдақ болып өтеді. Не деген сұмдық! Кейін осы оқиға туралы әкемнің шәкірті Қазбек Мыңжан «Тәрбие» деген шағын дастан жазды.

Сол сияқты бір жолы бір мектептің оқушылары базардағы тақтұқ етіп атылатын ойыншық тапаншаны қайта бұзып, құрастырып кәдулігідей атылатын пистолет істепті. Істеген оқушы қаладан ауыл мектебіне ауысып келген оқушы екен. Мен барсам, мектеп басшылығы шұғыл жиын жасап әлгі оқушыны жерден алып, жерге салып жатыр екен. Мен араша түсіп, кешірім жасатып, «Нұр Отан» партиясы филиалының сол жылдардағы төраға орынбасары Әбубәкір

кітаптың бір-бір данасын сұратып алып жатты.

Оқушы тәрбиесіндегі бірден бір психологиялық құрал, -ол Абай Құнанбаевтың қара сөздері! Одан артық әдістемелік құралды білмеймін.

Қараша айының 10-шы жұлдызы күні аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында «Бала тәрбиесі-баршамызға ортақ» тақырыбы аясында аудан әкімдігі жанындағы жасы кәметке толмаған жасөспірімдердің құқықтарын қорғау мақсатындағы комиссияның кең көлемді жиыны өтті. Жиынға ата-аналар, мектеп директорлары, оқу ісі және тәрбие жөніндегі орынбасарлары, сынып жетекшілер, ұстаздар, орталық аурухана дәрігерлері, психологтар мен социологтар, қоғамдық ұйымдардың бөлсенділері, жастар екілдері, БАҚ қызметкерлері қатысып отырды. Сондай-ақ жиынның

Қазіргі кезде ақпарат тарату еркіндігі кең таралған. Ол балалардың сана сезімі мен рухына кері әсер етуде. Осының салдарынан қазір мектеп жасындағы балалардың шылым шегуі, ішімдік ішуі, есірткі қолдануы немесе әр түрлі қылмыстық іс-әрекетке баруы жиілеуде. Жас ұрпаққа тек білім берумен шектелу аз, оларды адамгершілік-рухани жағынан тәрбиелеп, нағыз адам қалыптастыру керек. Мектептің жастарды тәрбиелеудің Кешенді бағдарламасын жүзеге асырудағы негізгі бағыты оқушыларды патриоттық және адамгершілікке тәрбиелеу, жасөспірімдер арасында құқықтық тәрбие және құқық бұзушылықтың алдын алуда мақсатты түрде жұмыс жүргізу. Әрдайым жасөспірімдерде белсенді азаматтық және



мызда болып облыс ардагерлерімен бас қосуында әкелер ролін арттыру, әкелер мектебі арқылы ата-аналар жауапкершілігін көтеру туралы іргелі бастама көтеріп, облыс басшысына нақты тапсырмалар берген болатын. Сол бастамалар шеңберінде ауылдардың абыройлы әкелерімен жүздесулер ұйымдастырылды. Ол дегеніміз жастарға, жас отбасыларға, жас әкелерге, зор өнеге болмақ. Мектептің басты жұмысы-тәрбие. Іс жүзінде осындай нақты шаралар керек.

Халқымызда адам жасымен емес, ұрпағымен мың жасайды деген нақыл сөз бар. Себебі ұрпақ-өмірдің жалғасы. Ата-ананың тірегі, сүйеніші. «Жақсы бала ата-анасын төрге сүйрейді, жаман бала ата-анасын көрге сүйрейді». Баланың жақсы болуы да, жаман болуы да

тілімен айтсақ: Иман-Алла тағаланың барлығына, бірлігіне, Мұхаммед галәйһис-сәләмнің пайғамбарлығына, Құран сөзінің бәрі шындығына анық ықпаласпен нанбақ. Қазақ баласына иман түсінігін «ұят болады» сөзімен жастайынан бойына сіңдіре білген. Өлімнен ұят күшті деп ұятты барлығынан жоғары қойған. Ардақты пайғамбар Мұхаммед (с.ғ.с) хадисінде де: «Ұятты бардың иманы бар» -деу арқылы ұят пен иманның бір екенін білдірген. Қазақтың ұлы ақыны А.Құнанбаев атамыз 36 - қара сөзінде «ұят деген - адамның өз бойындағы адамшылығы, иттігіңді ішіңнен өз мойныңа салып, сөгіс қылған қысымның аты. Ол уақытта тілге сөз де түспейді, көңілге ой да түспейді. Көзіңнің жасын, мұрныңның суын сүртіп алуға да қолың тимейді, бір

ЫРҒАЛЫП ТҰРҒАН ТАЛ БОЛАР

өмірлік ұстаным, қазақстандық отансүйгіштікті қалыптастыруға тырысу керек. Осы орайда ҚР «Қазақстан Республикасындағы балалар құқығы туралы» Заңның 39, 40, 41 баптары негізінде мектепте оқушылар мен ата-аналар арасында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп келеді. Мектепте салауатты өмір салтын насихаттау мен енгізу, темекі шегудің, ішімдік ішудің, нашарлықтың, басқа да жақпалы аурулардың алдын алу бойынша іс-шаралар жасалынып Барлық сыныптарда қорқу, үрейленудің және өзіне қол жұмсауға бейім болудың алдын алу бойынша тестілер, оқушылармен жеке әңгімелесулер өткізіліп келеді. Оқу жылы бойына мектептің әкімшілігі мен ұстаздары кәмілетке толмаған балалардың түнгі уақытта үйлерінде болуын қамтамасыз ету мақсатында «Түнгі қаладағы балалар» рейдін жүйелі түрде өткізіп отырады.

Сонымен қатар, ауыл мектептерінде ата-аналар комитетінің төрағалары мен төрайымдары жиі ауысып жатады. Негізінен ауданда болсын, облыста болсын экономика, ауылшаруашылығы, өндіріс деген салалардан бұрын, әрі бір қарсы жоғары тұратын сала бар. Ол бала тәрбиесі. Бала тәрбиесі жақсы болып, білімді, тәрбиелі, адал, шыншыл, әділ азамат болып бір баланы тәрбиелеп шығара алсақ, ертең экономикамызда да, ауылшаруашылығы мен өндірісіміз, яғни кез-келген саламыз әлеуметті болып қалыптасады. Ал оның қайнар көзі бүгінгі мектеп қабырғасында. Ал оның қайнар көзі бүгінгі мектеп қабырғасында жүр. Сол себепті ауыл мектебі жанындағы ата-аналар комитетінің төрағалары елге сыйлы, сөзі өтімді, абырой беделі мол, халыққа қабірлі, елге елеулі болатын азаматтар қатарынан сайланса ата-аналар комитеті деген қоғамдық жұмыстың жауапкершілігі артып, ар-абырой атағы аспандай түсер еді.

Одан кейінгі мәселелердің ішінде өзектісі мектеп оқушыларының түнгі мезгілде тойханалар мен мейрамханаларда, моншалар мен түнгі 24 сағаттық дүкендерде жұмыс жасауы көпшілікті алаңдатады.

Қазақстандықтарды жаңа жыл мерекесімен құттықтаған кезінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Балалар – мемлекетіміздің жарқын болашағының кепілі. Сондықтан да алдағы жылды Балалар жылы деп жариялау керек деп есептеймін. Әңгіме жалаң ұран мен мерекелік шаралар туралы емес. Бірінші кезекте билік тарапынан балаларды қорғау үшін денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қол-

дау бағытында нақты шаралар қолға алынуы керек. Өскекең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық шағы – біздің жалпыұлттық міндетіміз», деген болатын. Әрине, тыныштық пен бейбіт күннің символы балалардың тәтті ұйқысы, күміс күлкісі екені даусыз. Кірпігін жас шыламасын, жүзін мұң шалмасын десек, тәрбиетәлім жұмыстарына атсалысуымыз керек. Бұл бүкіл еңселі елдің, жалпақ жұрттың, қараша халықтың ынтымағы мен бірлігі арқылы үйлесетін тірлік. Соңғы үш-төрт жылдың көлемінде еліміздің түкпір-түкпіріндегі мектептерде, кіші, жоғары оқу орындарында әкелер мектебі деген бастама жиі бой

отбасыдағы тәрбиенің маңыздылығында. Тәлімді тәрбие деген жасөспірімдерді түрлі жамандық атаулыдан тыйып, ізгілікке бастаушы жүйе. Тәрбие-қоғамдық тәртіпті реттеп, барша адамзаттың өміріне рухани нәр береді. Әдептілік, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік, тазалықты, үлкенге құрмет көрсетуді, кішіге ізеттілікті, айналасына мейірімділікпен қарауға баулиды. Бала туылған кезден бастап мұсылманшалап азан шақырып, ат қойып алғашқы мұсылмандық жоралғылар жасала бастайды. Бесікке бөлерде бесік жырын айтудың өзінде қаншама хикмет жатыр. Олай дейтініміз, әжелеріміз бен аналарымыз ғасырлар бойы аталары-

ит боласың. Көзің кісі бетіне қарамақ түгіл, ешнәрсені көрмейді. Мұндайлыққа жетіп ұялған адамға өкпесі бар кісі кешпесе, яки оның үстіне тағы аямай өртендіріп сөз айтқан кісінің өзінің де адамшылығы жоқ десе болар»-деп ұяттың өлшемін көрсетті.

Ұлы даланы мекен еткен ата-балаларымыз ұрпақ бойына отанға деген махаббат, ұлтына деген құрмет, әдеп-инабаттылықты - отбасында, ошақтың қасында отырып берген. Қыз баласын ұлтының айнасы, намысы санағандығы себепті, қызға қырық үйден тыйым салып отбасы тазалығын сақтаған. «Сендердің бәрің де бақташысыңдар, бәрің де өз отарларыңа



көрсете бастады. Бұл да болса қоғам керек еткен, қоғам сусап отырған өзекті мәселелерден туған бастама еді. Мектепті бітіріп, бозбала шақта мектеппен қоштасып кеткеннен бастап, үйленіп, отбасын құрап, өмірге сәби әкеліп, ол сәбиін мектепке жетелеп әкелген күннен кейін баласымен, мектеппен байланысын алаңсыз үзіп, ұл-қызы мектеп бітіргенше баласының хабарын білу үшін мектепке бас сұқпаған әкелер бар. Бала тәрбиесіне үйде, отбасында араласқанымен мектеп тәрбиесіне де қатысып, баласының түздегі тірлігімен де танысуын босаңсытып алуынан бала түрлі келеңсіз жайларға ұрынып жатады. Әкелер мектебі деген бір жағы қоғам болып, әкелерге жауапкершілік артады. Былайша айтқанда әкелерді бала тәрбиесі деген ұлы іске араласып, белсенді тірлікке шақыра отырып, әкенің өзін тәрбиелеу болып табылады. Қайсыбір жылы ҚР Премьер-Министрінің сол уақыттағы орынбасары Бердібек Сапарбаев облысы-

мыздың бойына, сол бесік жырын айтып, отырып-ақ ұлтжандылықтың ұрығын еккен. Себебі, ұлттың анасы болған бұл абзал жандар жайғана бесікте тербетіп қоймай, керісінше бабаларымызды рухты етіп тәрбиелейтін жыр-дастандарды жадына сіңіріп, діні мен тілін, дәстүрі мен тарихын жөргегінде жатып жақсы көруге үйретті. Нәтижесінде, Атырау мен Алтайдың арасына созылып жатқан ұлан-ғайыр атырапты бізге найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғап, аманаттаған хандар мен бектер, батырлар мен билер тарих сахнасынан орын алды. Ел боламын десең – бесігіңді түзе деп бекерге айтпаса керекті. Сол үшін де халық қаһарманы Б.Момышұлы: «Мен бесік жырын айтатын әжелердің азайып бара жатқанынан қорқамын», - деген екен. Себебі бесікте жатқанда-ақ баланы имандылыққа тәрбиелей бастаған.

Тәрбиенің негізі әлбетте жақсы адамдары өнеге тұтып, үлгі етуден тұрады. Шәкәрім атамыздың

жауаптысыңдар. Әмірші адамдарға бақташы, ол сол отарына жауапты, ер кісі өз отбасына бақташы, сол отарына жауапты, ал әйел күйеуінің үйіне және баласына бақташы әрі соларға жауапты...» – деп өсиет еткен Пайғамбар Мұхаммед (с.ғ.с) жолын бек ұстанған.

Еккенің тікен болса, орғаның балауа болмас деген. Алаштың ардақтысы М.Жұмабаев былай депті: Ата-аналар баланы тәрбиелегенде дәл өзінде етіп тәрбиелеуге тырыспау керек, олар баланы өзінен күшті етіп тәрбиелеуі тиіс. Өйткені олардың заманы ата-аналарының өмір сүріп отырған заманына қарағанда анағұрлым күрделі талабы жоғары болатынын ұмытпаған жөн. Әрбір ата-ананың алдындағы міндет ұрпақ тәрбиесі. Себебі ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ,
Созақ ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі жанындағы ата-аналар комитетінің төрағасы.

АТА ТӘРБИЕСІ- ҰЛТ БОЛМЫСЫ

«Үй маңында төбе болса, ерттеулі тұрған атпен тең, ауылыңда қария болса, жазулы тұрған хатпен тең» – деген екен халқымыз, тұла бойымызға даналық, мейірімділік қасиеттерін сіңірген асыл жанымыз – атамыздың берген батасы, сезімге толы сөздері әлемдегі ең қасиетті сөздер болып саналады. Қазақ халқының тәрбиелік және тәлімдік ой-пікірлері мен жол-жораларының маңызы мынадай жайттарда айшықтала түседі: қазақ халқының өміріндегі үлкенді сыйлау мен қонақ күтудің елеулі маңызы; халық ойындары мен мерекелерін өткізудің де өзіндік ерекшеліктері мен қалыптасқан жүйесі, табиғаттың сырын терең меңгеріп, үйлесімділік табуы, өсиет айту, терме, айтыс, шешендік сөздер, қазақтардың поэзиясы, туыстық қарым-қатынастар, қонақжайлылық, тектілік, т.б.

Адамзат қауымының ғасырлар бойғы тарихы имандылық, ғибраттық, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ұлттық тағылым ұрпақ тәрбиесінің қыруар үлгілерін мұралыққа қалдырғаны бәрімізге белгілі. Қазіргі таңда сол қандылықтарымыз қаншалықты сақталып, ұрпақ санасына қаншалықты беріліп жатқандығы басты мәселе.

Адам өміріндегі тәрбие, ұлттық сана басты мәселе болуы тиіс. Адам болып туылу оңай, ал адам болып қалыптасу қиын. Адамдық қасиетке бірден бір әсер етуші фактор ол тәрбие, ұлттық салтымыз. Сол халық даналығы қорытқан қазына байлық, тәжірибені халық игілігіне жарату, үлгі етіп ұсыну жас ұрпақтың еншісінде.

Ата сөзі – ақыл көзі ретінде мол асыл қазына, ата сөзінің тәлімдік мәні көне заманнан басталса, оның құдіретін сөз арқылы ұрпақтан-ұрпаққа дамытушы қарт ұстаз. Өмірдің өнегелі жақтарын көңілге тоқыған қария – өсетін жасқа өнегелі өсиет айта отырып, жақсы өмірге үйретеді, ойын дамытады, тілін ширатады. Ата-ана ақылды болса, ұл-қызы да дана болып өседі, бағбаны ақылды болса, ағашы түзу болып өседі. Ойсыз бала өспес, сусыз ағаш өспес. Ата-ана ардақты болса, ұл-қызы ақылды болар, ата-ана ақылсыз болса, ұл-қызы жағымсыз болар – деп бекер айтпаса керек. Жақсы тәрбие-жақсылыққа бастайды. Өмірде әрбір ата-ана өз ұлы мен қызын жамандыққа үйретпейді, жақсылыққа үйретеді. Жақсылық – ұлдың ойын, қыздың бойын тез өсіреді. Қазіргі уақытта ұлттық қандылықтарымызды дәріптеуші қарттарымыз кемде кем. Аталарымыздың айтуында қарты бар үй қазыналы дейтін, алайда, сол қадір-қасиет қазіргі қарияларымыздың бойынан жеткілікті көрінбейді. Садақаға су берсең адам сырын да жасырмайды, мұңын өзінен асырмайды. Өмірде есепсіз дүние жинап, ажалға тап болғанды Алла да жақтырмайды, бірақ өмірде дана болсаңда тіршілікте мәңгі қалдырмайды. Кешірімді болсаң – кең етер, мейірімді болсаң – еліңе жан етер, қаһарлы болсаң – халықты өзіңе хау етер, ақымақ болсаң – айналанды дау етер. Ата тәрбиесін түсінсең – өсиет болар, түсінбесең – өсекке айнарлар деген.

Ел басқару – естінің ісі, үй басқару – ердің ісі, қас пен досты дауластыру ердің ісі деп бекер айтпаса керек. Ата тәрбиесі – жасты ақылды етеді, ақылдыны – дана етеді, түйсігі барды – тілді етеді, ойланып оқығанды – білімді етеді, көңілге тоқығанды – көңілді етеді. Аталы сөзді білмеген жүрер жолын көрмейді, досына сенбейді, оңайлықпен күлмейді, жақсылықты білмейді, надандықтан кетпейді, ақылдыға ермейді, көрінгенді күндейді. Ата тәлімін үйреніп ойлаған озар, ойланбаған тозар, оқымағанның жаны күнде қозар – деп бекер айтпаса керек Марқабай Керімбекұлы.

Қорыта келе ата тәрбиесі жастарға даналықты тани білуге, балалықтан арылып, ақылдылыққа бой ұруға үйрететін өз ойын өзі ширатуға көмектеседі. Қарттық – ағып жатқан дария, теңіз іспеттес. Қарттарымыз еліміздің өткені мен бүгінгі, тұнып жатқан тарихымыз. Үлкенді сыйлау – ата-бабаларымыздан келе жатқан салтымыз екенін ұмытпағанымыз абзал.

Қ.САЛЫҚБАЕВ,
Ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының
ұйымдастыру және үйлестіру
бөлімінің басшысы.

Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан Қазақстан аумағындағы қалалар мен табиғаты ғажайып жерлер ежелден саяхат және туризм нысандары болып саналған. Қазақстандағы туристік ресурстарға: туристік қызмет көрсету нысандарын қамтитын табиғи-климаттық, тарихи, әлеуметтік-мәдени, сауықтыру нысандары, сондай-ақ туристердің рухани қажеттерін қанағаттандыра алатын, олардың күш-жігерін қалпына келтіріп сергітуге жәрдемдесетін өзге де нысандар жатады. Олар мәдени-танымдық, экологиялық, спорттық, әлеуметтік, діни, т.б. туризм түрлеріне бөлінеді.

Туризм (франц. tourisme, tour – «серуендеу») – адамның бос уақытында (жұмыс бабымен не туған-туысқа қыдыру емес) өз еркінше көңіл көтеру мен демалу үшін, тәуекел жасау үшін, көріп қызықтау үшін, яғни субъективті рухани қажеттілік бойынша басқа бір жерге ерікті са-

шығысы мен Алтайда Қазақстан аумағындағы буддизмнің болу тарихын айқындайтын нысандар қатары бар.

Шымкент қаласының солтүстік беткейінде жалпы аумағы 76,4 гектарды құрайтын «Қазына» этно-тарихи кешені орналасқан. Сол кешеннің ішінде ашық аспан астындағы – «Этносаябақ» өңіріміздегі діни туризм орындары туралы көрнекі ақпарат меке-нені ретінде үлкен маңызға ие. Себебі «Этносаябақтың» жоғарғы жағында еліміздің тарихи-сәулет ескерткіштерінің макеттері орналасқан. Бұл макет өз кезегінде этно-тарихи кешеніне келуші тұрғындар мен қонақтарды таңдай қақтырмай қоймады. Себебі тарихтың терең иіріміне ендіретін макеттер асқан шеберлікпен орындалып, өзіне келуші алыс-жақын шет елдік туристтерді тартуда.

Бұл өз кезегінде еліміздің экономикалық дамуына өз септігін тигізуі үшін қандай іс-әрекеттер

-Кесене, қабір, киелі орындардағы шырақшы, гид қызметінің өкілдерінің біліктілігін, туризм, зиярат мәдениетін қалыптастыратын семинарлар ұйымдастыру арқылы сапаны арттыру қажет;

-Тазалық, киім кию, зиярат әдебі секілді жаднамаларды келушілерге баспа және электронды үлгіде көптеп тарату;

-Келушілер үшін ыңғайлы орта қалыптастыру. Қолжетімді қонақ үй, ас-су ішетін орындар. Тынығып отыратын орындар жетіспейді.

-Туристік орындардың басты ерекшелігін түсіндіретін туризм нұсқаушылары аз. Бар болса да, білімі, тіл қабілеті төмендеу. Кейбір орындар туризмге қызмет етудің маңызды буыны саналатын бұл түйінді ескерусіз қалдырған. Экскурсия жүргізетін гид қызметкерлерін үнемі білімін жетілдіріп отырса, мұндай мәселелер туындамас еді. Аталған мәселелер шешілмесе Қазақстан басқа елдерден ерекше-

Қазақстандағы діни туризм

яхаттап, серуендеп баруы. Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы заңда берілген анықтама бойынша: «Туризм – жеке тұлғалардың ұзақтығы жиырма төрт сағаттан бір жылға дейін, не жиырма төрт сағаттан аз, бірақ уақытша болған елде (жерде) ақы төлейтін қызметпен байланысты емес мақсатта түнеп өтетін саяхаты». Діни туризм – өзінің тұрғылықты жерінен жарты жылдан көп емес уақытқа, діни сенімдеріне байланысты қасиетті жерлерге сапар шегу. Діни туризм термині «рухани туризм» және «қасиетті туризм» немесе «сенім туризмі» сияқты басқа да түсініктер жиі бір-бірінің орнына қолданылады. Қазіргі таңда мінжат етуді дамыту құралы ретінде діни туризмге көп көңіл бөлінуде. Діни туризм халықаралық байланыстың кеңеюі, ұлттық мәдениеттің даму және басқа да халықтардың мәдениетімен танысу құралы болып табылады.

Статистикаға сүйенсек тарихи-мәдени нысандардың көп шоғырлануы бойынша еліміздің оңтүстік аймағы алдыңғы қатарда екені баршамызға мәлім. Қазақстан діни ескерткіштерге, киелі жерлерге өте бай мемлекет. Барлығымызға біршама танымал тарихи - мәдени нысандар: Түркі халықтарының рухани астанасы болған киелі Түркістан өңірінде орналасқан Қожа Ахмет Ясауи, Арыстан Баб, Укаша ата, Гауһар ана кешенелері, аңызы мен әфсанасын, өркениеті мен тарихын жарты әлемге паш еткен қасиетті Тараз топырағындағы таңғажайыптардың бірі – Қарахан кесенесі, Айша бибі кесенесі, Бабадақ қатын кесенесі, XII-XVI ғасырларда Сырдариядағы сауда тармағы ретінде кеңінен танымалдыққа ие болған Сауран қалашығы, Қызылорда облысындағы – Артық, Айтман кесенелері, Балқаш көлі маңында – Тектау ата, Әуез бақсы, т.б. киелі орындар бар. Ислам мешіттерімен қатар, Қазақстанда Вознесенский кафедралы соборы (Алматы), Успенский кафедралы соборы (Тараз), Свято-Троицкий габатханасы (Өскемен), Воскресенский соборы (Семей) сияқты керемет православие шіркеулері орналасқан. Сонымен қатар елдің оңтүстік-

жасауымыз керек? Әрине, қажетті арнайы мамандарға жұмыс орнын ашу үшін туризм инфрақұрылымын дамытып, туризм саласының материалдық базасын жасақтау қажет. Еліміздің діни туризм саласының дамуы үшін ең алдымен мына мәселелерді шешу қажет:

- Кейбір зиярат ету орындарына баратын жерлерді табу қиынға соғатындықтан, ұялы телефон арқылы барған жерінің координаттарын анықтау арқылы баратын жерді оңай табу алатын қосымша (карта) жасалынса. Бұл ішкі және сыртқы туризмді дамыту үшін таптырмас жоба деп санаймыз;

-Түркістан облысы көлемінде зиярат ету орындарында интернет және байланыс өте нашар. Ал, шетелдік кейбір туристер сол зиярат орнынан сурет, видео, естелік, сәлемдеме жолдауға мүмкіндік таппай жатады. Сондықтан, интернет мүмкіндіктерін жандандыру қажет. Бұл да өз кезегінде діни туризм нысандарының танымалдылығын арттырады деп сенеміз;

-Қайда саяхаттауға немесе зиярат етуге болады деген сұраққа жауап ретінде қосымша ойлап табылса. Ол қосымшада саяхаттауға және зиярат етуге мүмкін орындар мен анықтамалар, ыңғайлы уақыттар, тіпті қаржы шығындарын есептеу мүмкіндіктері қарастырылса;

-Зиярат орындары мен тарихи-мәдени орындардың электронды нұсқада гид анықтамасы жасалса. Аталған құрылғы қазіргі таңда тек Қ.А.Ясауи және Арыстан баб кешенелерінде ғана қолжетімдік үйде қалуда;

-Туристік фирмалардың әлеуетін арттыру қажет. Қазіргі таңда ел ішіндегі туристік сапарлар мен зиярат ету топтарын жекелеген тұлғалар ғана пайда табу мақсатында көптеп ұйымдастыруда;

-Тарихи-мәдени және зиярат орындарында шағын әрі екі тілде (қазақ және ағылшын) анықтамалар жасау. Келушілерге тегін таратуды қолға алу. Аталған анықтамалық бұктемелер арқылы аталған туристік орын туралы бірыңғай ақпарат тарауына да қол жеткізе аламыз. Себебі қазіргі таңда шырақшылар ойдан қосылған әңгімелерді келушілерге көптеп айтуда;

леніп тұратын туризм жүйесін қалыптастырмай, туризм саласында өз үлесін ала алмайды.

Туризмнің барлық саласы (діни туризм, іскерлік туризм, экологиялық туризм және т.б.) дамыса, қызмет ету саласының даму өрісі кеңейеді. Қатынас саласының кірісі артып, қонақ үйлердің, көпіс көтеру орындарының, дәмхана, мейрамханалардың, сауда-саттық орындарының саудасы арта түседі және қызмет көрсету сапасы жоғарылайды. Сондықтан туризмді дамытуда тиімді детальдарды ұтымды пайдаланудың пайдасы көп. Мысалы: өзінің ерекше даусымен Қазақ өнерін әлемге паш еткен Димаш Құдайбергелі, бокс саласында өшпес із қалдырып үлгерген Геннадий Головкин – Қазақстанды танытудағы әлемге танымал брендтер десек артық айтқанымыз емес.

Қазақстанда діни туризмді дамытудың алғы шарты – сол саланың үгітін күшейту. Әсіресе, ғаламторға діни туризмге үгіттейтін видеоларды, фото суреттерді, жазба материалдарды ағылшын, орыс, француз, қытай, араб тілдеріне аударып салу керек. Шетелде Қазақстан туралы сапасы жоғары полиграфиялық және аудио-видео жарнама материалдарын белсенді түрде таратып, еліміздің көркем жерлерін жұртқа таныстыру мақсатында фотосурет, қысқа метражды түсірілімдер байқауын өткізіп, туристік орындардың басты ерекшелігін, салт-сана, мәдениетке қатысты түйіндерін көрнекілендіруге ден қою керек.

Қорытындылай келе туризмнің қарқынды жұмыс жасауы еліміздің экономикасының дамуына едәуір үлес қосатыны белгілі. Себебі, туризм саласы әлем елдерінің ішінде экономикаға тұрақты сала ретінде орнығып келеді. Ұланғайыр атырап, Ертіс пен Еділдің, Арқа мен Алатаудың арасы, қазақтың алтын бесік ата жұрты. Аумағы ұшқан құстың қанатымен өлшенген кең де келісті өлкеде туризм саласын дамытуға арналған мүмкіндіктерді ұтымды пайдалану салт-дәстүрге бай еліміздің сыртқы нарыққа шығарып, таныстыруға жол ашатыны сөзсіз.

А.БОРИБЕКОВА,
теолог маман.

Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді.

қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы қысқарту бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің қысқарту бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақор-

Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына

Ұмыта алмай жүрмін мен

(Мезгілсіз кеткен ұлым Бағдатқа)



Тірі болсаң тойлар едік 60 жасты,
Той орнына жүректі қайғы басты.
Ойда жоқта сұм ажал алып кетіп,
Көзімізден ағызды қанды жасты.

Жүретін жан-жағына нұрын шашып,
Дос-жараңға әрдайым көңілі ашық.
Қалайша бұл өмірге симай кеттің,
Көрмеп едік ешқашан асып тасып.

Халқыңа қадірлі едің сыйлы едің,
Біреулердің болғанын күндемедің.
Жүруші едің халқыңның қамын ойлап,
Еш жанды қиындыққа сүйремедің.

Сені ойлап балапаным қамығамын,
Қарт жүрегім езіліп сағынамын.
Ұрпақтарын аман қыл деп жаратқанға,
Күндіз-түні сынып жалынамын.

Жатқан жерің жан ботам жайлы болсын,
Жаратқан бір өзіңе пана болсын.
Артыңда туыс бауыр аман болып,
Алдың пейіш иманың серік болсын.

Қалайша қиып кеттің мына өмірді,
Қайғы мұңға батырып көңілімді.
Құран оқып бағыштап әр күн сайын,
Сағынумен отырамын мен өзіңді.

Сен кеткен соң келді өмірге немерең,
Ата-ана немеремен кенелер.
Қылығын қызық көріп былдыраған,
Алшаң басып соларменен жүрер ең.

Түсіндім мына өмірдің жалғанына,
Біреу жетіп біреу жетпей арманына.
Артыңда бала шағаң аман болсын,
Көнемінде тағдырдың салмағына.

Бүгін сенің туған күнің еді жаным,
Балапаным сені ойлап қамығамын.
Тапсырып жаратқанға мен өзіңді,
Жұмақтан орын бер деп жалынамын.

**АНАҒ: Гүлжахан Бәлшенқызы,
еңбек-тыл ардагері, алтын алқа иегері.
16.11.2022 ж.**

Сыбайлас жемқорлық қоғам дерті

Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылды барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың жұмыстарын, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де

лықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі.

кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың жұмыстарын, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

**Е.ТӨРЕБЕКОВ,
Созақ аудандық СЭББ бөлім басшысы.**

Жарамсыз деп танылсын

Берқалиев Асылхан Темірханұлының атындағы Таукент кенті, №1 ықшам ауданы, 50-ші үй, 52 пәтердің 2017 жылғы 30 мамырда №938 тізімде тіркелген «Пәтерді сатып алу-сату шарты» тұрғын үйдің құжаты жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

Жұмақтан болсын мекенің...



Аққолтық ауылының тұрғыны, ардақты әке, асыл жар, қимас бауыр, ақылшы ата **Бақберген Сембек (Секен) Тойлыбайұлының** бақилық болғанына қырық күннің жүзі болып қалды. Жаны жайсаң әкеміздің жарқын бейнесін сағыныспен еске аламыз.

*Сіз кеткенде жанарлар да жылап тым,
Жігеріміз кетті сынып, сұлап мың.
Жан әкешім, жаның болғау әрқашан,
Ең ерекше, ақ төрінен жұмақтың.*

*Тең келмейтін алтын да еш қолдағы,
Өзің едің, әке үйдің зор бағы.
Жарық берер айымыздай көктегі,
Болушы едің жанымыздың қорғаны.
Үш ұл, бір қыз, өсіп-өнген әкеден.
Ырыс қонған жанға тәубе етем мен.
Немерелер күнде іздейді атасын.*

Қарап тұрып, көп жұлдызбен ай, көкпен, - деп, әкеміз Сенбек Тойлыбайұлының рухына бағыштап қырық күндік асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

Ас – 18 қараша күні (17 қараша – қонақ асы) Аққолтық ауылындағы өз шаңырағында беріледі.

Асқа шақырушылар: Бақбергенгер әулеті.

БЖЗҚ

Сұраңыз, жауап береміз

-Қайырлы күн! Менің жұбайым Түркия азаматы, бірақ Қазақстанда ұзақ уақыт бойы жұмыс істеп келеді. Оның БЖЗҚ-да жинақтары бар. Айтыңызшы, ол өзінің жеткіліктілік шегінен асатын ақшасын тіс емдеуге пайдалана ала ма?

-ҚР «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңының 2-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер, егер заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының азаматтарымен тең дәрежеде зейнетақымен қамсыздандыру құқығын пайдаланады.

ҚР «Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы» Заңының 1-бабының 14) тармақшасына сәйкес шетелдіктің Қазақстан Республикасының аумағында жеке басын куәландыратын және оның Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алғанын растайтын құжат шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты (ШТЫ) болып табылады.

«Созақ үні»-ақпарат.


Ұмытылмас нұрлы бейнең қашанда...

Шолаққорған ауылының тұрғыны, асыл әке, ардақты ата, қимас бауыр **Мырзашев Ертіс Алдабергенұлы** әкеміздің өмірден өткеніне қырық күннің жүзі болып қалды. Асыл әкеміздің жарқын бейнесі жүректерде сақтаулы.

*Кетсеңдағы бізден алыс мәңгілік,
Жүрміз әлі сағыныспен қамығып.
Ұмытылмас нұрлы бейнең қашанда,
Жадымызда тұрар әркез жаңғырып,* - деп, асыл әкеміз Ертіс Алдабергенұлының рухына бағыштап қырық күндік асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

Ас – 26 қараша күні (25 қараша – қонақ асы) Шолаққорған ауылы, Теріскей көшесіндегі өз шаңырағында беріледі.

Асқа шақырушылар: отбасы, бауырлары.



Хабарландыру!

Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2019-2020 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы С.Қожанов №15 мекен-жайында, 2022 жылдың қараша айының 18 жылдығында «Ашық есік күні» өтетіндігі туралы хабарлаймыз.

Созақ аудандық СЭББ.

Сенім телефоны

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің «Әдеп» кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талаптарын бұзған жағдайда Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасына 4-20-88 сенім телефонына хабарласуларыңызға болады.

Созақ аудандық СЭББ.

Біз газетіміздің өткен санында Түркістан облыстық өңірлік қоғамдық саяси тарихи архивінің директоры Шардарбекова Гүлнар Сәдібекқызымен бірлесе отырып Түркістан облысы бойынша саяст қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі жұмысшы тобының мүшесі ретінде Созақ ауданы бойынша қуғын-сүргінге ұшыраған, оның ішінде ақталғаны бар, ақталмағаны бар дегендей 271 адамның тізімін жариялаған едік. Осы тізімдегі азаматтарды танитын жандар болса, ұрпақтары болса аудандық «Созақ үні» газеті редакциясына келіп қолдағы, ойдағы ақпараттарымен, құнды деректерімен бөліссе, бізге кейбір азаматтардың деректерін анықтау қиынға соғып жатыр деген болатынбыз. Осыған орай бірнеше азаматтар қолдарындағы, ойларында жүрген естеліктерімен бөлісіп редакцияға хабарласқан еді. Ол үшін төмендегі азаматтарға тек ризашылық көңілмен алғыс білдіреміз. Және ол кісілердің естеліктерімен бөлісеміз.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Мен Шадманов Имамусайн осы көтеріліс жөнінде өзімнің ата, әкелерім жайлы шамалы мәлімет бере кетсем деген ойға келдім. Осы көтерілісте атам Шорманов Жұқан, әжем Ажар, балалары Әбжан, інісі Асқар үй-ішімен ұсталды. Созақтағы қолмен қазылған ор-түрмеге қамалған. Кешегі әкемнің қарында-сы Әйнекбай қызы Жібек апамның айтқаны, ол жерде қамалған адамдардан күніге 5-10 адамнан атып отырған көрінеді. Атам Жұқан екі баласына бұл жерден қалайда шығаруларың керек, болмаса менен ұрпақ қалмайды деп айтқан екен. Содан әкемнің ағасы Әбжан інісі менің әкем екеуі, бір амалын тауып қашып шыққан. Содан ауылға келіп, ат түйеге жүктерін тиеп, бала-шағаларын алып, ағайын-туыстарын ертіп, көрші Қырғызстанға өтіп кеткен. Ол жақта Жыланды деген жерде қырғыздарға түйемен жусан тасып саттық деп отыратын. Атам Жұқан мен әжем Ажар сол Созақтағы түрмеде атылды. Қарабура бабамыздың кесенесі жанындағы пансионға Жұқан атамызға белгі тас қойдық. Менің әкем Асқар 1953 жылы елге оралып, Түркістан ауданы Оранғай ауылында Әлбастр завод-ында жұмыс істеп, кейіннен совхоз Бөгенде мал бақты 1959 жылы Түркістанда дүниеден қайтты. Әкем Қырғызстанға барған соң паспортын ауыстырған Жұқановтан Шадмановқа. Негізі Шорман болуы керек бірақ қырғыздар қырғызша Шадманов деп жіберіпті. Ол жақа бірпаз әулет көшіп барған ғой. Әбдіғәппар Отыншиев көкеміздің әкесі және Әліп деген кісілердің әулеті. Бұның бәрі осы көтерілістің әсерінен ауа көшкендер, бәрі 1953 жылдары елге ат басын бұрған.

1. Оңғарбайдың Ахметі болыс (Құршу)
 2. Жұманның Әбіші (болыс)
 3. Ағынбай Қасым (мерген)
 4. Битуұлы Бимжан (мерген)
 5. Аралбайұлы Салықбай (мерген)
- Осы аты аталған кісілер менің атаммен (немере, шөбере) бір атамның балалары.

Жазған Шадманов
Имамусайн Асқарұлы
02.11.2022 жыл.



Созақ көтерілісі

Есжан

Қарағұр ауылына қарасты Шаға ауылында дүниеге келген Есжан қария 1930 жылы болған Созақ көтерілісіне қатысушылардың бірі. Сол кездің өзінде 80 жастан асқан Есжан ақсақал көтеріліс басталды дегенді есітіп, бір топ адам болып сойқанды көруге барады. Көктөбеге жақындап қалғанда гүрсілдеген зеңбірек үнінен қасындағы бір топ аттылы кісілердің аттары үркіп, бірі бет алды шаба жөнелсе, енді бірі атынан ауып құлайды. Есжан қария негізгі кәсібі аңшылық, саятшылық болған соң Созақтан ұзап қалың шеңгелді, тау баурайындағы киелі, жыңғылды жерлерді аралап жүріп алады. Сол кезде мұны мұздай қаруланған орыстың солдаттары ұстап алады. Есжан болса да орысша білмейді, анау екеуі қазақша білмейді. Біраз тұрып қалады. «Қой мұны ұстап алып барайық» деп екеуі қаумалап өзіне қарай жүгіре бергенде ердің басында үнемі ілулі жүретін қасқырды ұрып алатын шотпен екеуін екі ұрып өтеді. Екеуі сол жерде сеспей қатады. Содан біреуінің жарамды атын, біреуінің қалтасынан «Маузер» тапаншасын өзімен ала кетіп Созаққа келіп болған оқиғаны Сұлтанбек ханға айтады. Сөйтіп әлгі жарамды ат пен «Маузер» тапаншасын Сұлтанбекке береді. Сұлтанбек «бізге әзірге керегі жылқы», ал мына тапаншаны өзіңе сыйладым» дейді. Содан тапаншаны өзімен бірге ауылға әкеліп үйіндегі керегенің басына іліп қояды. Күндердің күнінде біреулер қызыл әскердің адамдарына сыбырлап, «Есжан деген кісінің үйінде «Маузер» тапаншасы бар» депті. Содан қызыл әскерлер Есжан қарияны тергеуге алады. Ауыл адамдары Есжанға араға түседі. «Бұл кісі жасы келген адам. Кімге шамасы келеді. Орысша білмейді. Күн көрісі саятшылық, аңшылық. Сол аң аулап жүріп мына тапаншаның шидің арасынан тауып алыпты. Бары осы» деп арашалап алған кейін. —Кейін сол тапаншаны ауданнан ба, облыстан ба біреулер алып кетті. Ол тапаншаны мен де көрген едім, —деп балаларына марқұм Тойымбек Қостаншаев ақсақал айтып

кеткен екен. Оған да отыз-қырық жылдың жүзі болып қалды. Бізге бұл мәліметті Тойымбек ақсақалдың ұлы Қабыл Қостаншаев айтып берді.

Әбілтай ҚАЛЖАНОВ:

—Осы тізімде 1877 жылы дүниеге келген менің атам Қайыпов Қалжан да бар екен. Бұған дейін еш дерегін білмеуші едік.

Бізге жеткен әңгіме осы Қалжан атамды ұсталып бара жатқанда артында қалған ұлдары Ерсултан мен Әземханға айтқан дейді «мені артымнан іздеп әуре болмаңдар, тірі болсам мен сендерді өзім тауып аламын» деп. Содан хабар-ошарсыз кеткен ғой жарықтық.

Тарихты жаңғыртып жарыққа шығарғандарыңыз үшін сіздерге көптен көп рахмет!

—Мәке! Сіздерге осындай құнды, тарихи деректерді жазып, сол уақыттағы болған оқиғаларды дәлелді фактілермен келтірген еңбектеріңізге Үлкен Рақмет айтамын... Мына тізімде, менің АТАМ - ӘЛІПБАЕВ ИМАНБЕК бар екен... 1889 жылы туылған... Иманбек Әліпбайұлы - Созақ көтерілісі кезінде, діни қазылық және елшілік қызмет атқарған. Иманбек атамның әкесі - Әліпбай Сәтбайұлы да, Созақ көтерілісін ұйымдастырушыларының бірі болған. Әліпбай Сәтбайұлы - 1863 жылы туылған. Аталарымыз туралы Е.Жақсымбетов, Ө.Қырғызбаев, Т.Шылманбетов, Б.Тайжан, М.Қарғабай т.б. жазушы, журналистер жазған деректі шығармалар - аудан орталығындағы Сұлтанбек Қожанов атындағы аудандық тарихи-өлкетану музейінде сақтаулы тұр.

Созақ көтерілісіне қатысқан - барлық аталарымыздың рухына - басымды иемін!

Мұхаммед-Әли ИМАНБЕКОВ.

—Бұл көтерілісті халық аузында Аллаһу көтерілісі дейді.

Сол көтеріліс басшысының бірі созақтық Аллаһу деген екен. Ол шын атыма, жоқ әлде жанама атыма Аллаһудың әйелі де сол соғыстың бел ортасында жолдасымен бірге қатысқан.

Ал кейін көтеріліс жаншылғанда Ұлы Отан соғысының алдында 1937-38 жылдары Шаян жаққа кетіп

ысты руынан шыққан Бердібек бақсыға тұрмысқа шыққан. Кәну деген ұлды болған.

Соғысқа кетерінде баласын алдына алып отырып: —Е, жалғызым-ай сеніңде өмірің қысқа болды ғой. 25 мүшеліңде бір қатер одан қалсаң кейінгі мүшеліңде кетерсің. Бірақ соңыңнан ұрпақ ереді екен Аллаға шүкір ізім жоғалмайды екен! — деген екен.

Аттанарында қобызын ақ матаға орап төрге іліп мен мына жазуыңды жаза алмаймын. Менің хат-хабаршым қобыз. Тірі келсем мен табалдырықтан аттағанда шешіліп жерге түседі. Ал мен қаза болсам өзінен езі дыбыс шығарып шешіліп жерге түсер деген екен.

Жеті күндігімді беріп басқа да жөн-жоралғыны жасай берерсіндер! — деп ағайындарымен қоштасқан екен. Ал сол қобызы тартылып жерге түскенде өзі жоқ екен.

Баласы Кәну кейін 37-ден өтіп 49 мүшеліңде дүниеден озды ұрпақтары бар.

Аллаһудың кемпірі қартайып кейін Шақпақ елді мекенінде мәңгілік мекенінде қалды. Мен кешегі көне көз қарттардан естігенімді айттым.

Ал кемпірін бала кезде көзім көрді, ол кемпірдің өткен өмірін анам айтқан.

Ал ұлын да көзім көрді автолавка айдайтын. Білгенімді айтпауды тарихқа қиянат деп ойладым. Ал Аллаһу деген сөзге келсем, мен қарттардан солай естідім, ал азан айтып қойған атын білмеймін.

Ол кісі сол көтерілістің басшы ұйымдастырушысының бірі болғаны анық.

Ал әйелі қасында атқа мініп сол көтерілістің бел ортасында бірге болған екен. Әйелі көтеріліс жаншылып күйеуі қолға түскен соң жан сауғалап Шаян асқан. Арғы тағдырын жоғарыда айтып өттім. Бұл кісінің арғы тағдырын анам айтқан еді.

Ал ол апаны көзім көрді, кейінгі күйеуінен туылған баласын өзім көрген едім. Аты Кәну еді.

Әліпхан ЖАНТӨРЕЕВ.

Бетті дайындаған
Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
БАКЫТЖАНОВИЧ

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы:

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терішші-
Багила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымы есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы:
161000, Шолаққорған ауылы,
С.Қожанов көшесі, байланыс
телефондары 4-15-30
(факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3800 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.